



12006  
6039  
к

**КАЗІРГЕ**  
**КАЗАҚ**  
**ПОЭЗИЯСЫ**


**Жұмекен**  
**Нәжімеденов**

**2**











ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАК  
ПОЭЗИЯСЫ

854915455-1

жазылған жаңы мәдениеттік китапхана

бүрнеше

жазылған жаңы мәдениеттік китапхана  
мұнайдағы ұйымдардың мемлекеттік мәдениеттік мекемесінде  
мемлекеттік мәдениеттік мекемесінде

1971

Кызылжыл жылды Баласынан

# Жұмекен Нәжімеденов

Екі томдық  
шығармалар жинағы

## Екінші том

Өлеңдер



Алматы  
«Жазушы»  
2005

**ББК 84 Қаз 7-5**

**Н 32**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шыгарылды*

**Нәжімеденов Ж.**

**Н 32 Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том.  
Олеңдер. — Алматы: Жазушы, 2005. — 312 бет,  
портр.**

**ISBN 9965-746-31-1**

Ақынның екі томдық шығармалар жинағының  
екінші томына бұрынғы кітаптарындағы “Қызгалдақ  
жайлы баллада”, “Жеті бояу”, “Шуақ”, “Ашық  
аспан”, “Қыран-қия”, “Менің топырағым” топтама-  
ларына енген өлеңдері енді

**Н 4702250202 – 053  
402(05) – 05**

**ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965-746-31-1 (Т. 2)  
ISBN 9965-746-28-1**

**© Жазушы баспасы, 2005**

**2005**



1971

## Қызғалдақ жайлы баллада

### ҚОҢЫР ДӘПТЕР

\* \* \*

Қоңыр дәптер,  
ойларымды жаныма батқан кілең,  
саған айтам, өзгелер мақтанды дер.  
Адаммын ғой, мен сейф емеспін деп  
сенен өзге айтпайын мен ешкімге.

Қоңыр айдын, қазымды қомсынсаң ал  
ойларымның аққуы қонсын саған.  
Аққұымның, ырғалшы, түртіп төсін,  
бірақ біреу оқ атып үркітпесін.

Қаракетім, тірлігім күндізгі ұсақ  
түнде жыр боп жансыншы жұлдыз құсан.  
Жұлдызымның жанарын жерге төнер,  
қоңыр айдын, мен сені кештім жылап.

Түскен шақта алыс бір кеш бұлдырап,  
қоңыр айдын, мен сені кештім жылап.  
Төңкерілген үстіңе аспанымды  
сенен өзге көрмесін ешкім бірақ,

\* \* \*

Қарын болса... қарынға тойған міндет.  
Қайтер едім жазуды қойған күнде?  
Қайда барсам әйтеуір орман көрем,  
орман көрсем кетеді ойланғым кеп.

Жалаң қылыш-бұлақтар... жатқан гүлдеп  
жайлауымды көрем деп аттандым көп.  
Қайда барсам әйтеуір тауды көрем,  
тауды көрсем кетеді мақтанғым кеп.

Ойлар, ойлар, ал жудет, аздыр мені!  
Нені іздедім, білмеймін, қаздым нені.  
Қоңыр дәптер, алдымнан сені көрем,  
сені көрсем кетеді жазғым келіп.

\* \* \*

Бір күй шертем деп едім — шерте алмадым,  
енди маған ақылдың бер тарланын.  
Күй алғалы көп болды көңілімді,  
жүргегімді көп болды өрт алғалы.

Бір сөз айтам деп едім-айта алмадым,  
бұзау болды түлпармен қайтарғаным.  
Жауырына ер батқан кербестідей  
Қайқандадым, әйтеуір, қайқандадым.

Түбі шертем деп келем күйімді мен,  
образben ойымды киіндірем,  
Кеуде шіркін табыттан табылғанша,  
табылғанша жинағым үйіндіден.

\* \* \*

Төкші, төкші, домбыра, қоңыр үнді,  
бір тазартып алайын көңілімді.  
Жалаңаштап жанымды көрейінші  
Жетпей жатқан жерімді, не мінімді;  
төкші, төкші, домбыра, қоңыр үнді.

Жалаңаштап көрейін бәрін, бәрін,  
қанша менің, байқайын, халім барын.  
Өңменімді өзімнің тексермел ем  
өлеңдімнің мінінен арылғалы,  
көрейінші тәптіштеп бәрін, бәрін.

Болды ма екен көкірек қойма-мекен  
қарау пигыл, қаралау ойға бөтен.  
Көрейінші саралап: менің ішім  
кім-кімдерге жамандық ойлады екен,  
болды ма екен көр-жерге қойма-мекен.

Тәкші, тәкші, домбыра, қоңыр үнді,  
Женісімді, көрейін не мінімді.  
Қандай, қандай дыбыстар шығар екен —  
бір балқытып көрейін көңілімді.

Бәрін, бәрін өзімнен бастайыншы,  
бата берші, Адалдық, ас қайыршы.  
Арам болса жүректі тасқа ұрайын,  
жарылсын ол бір тамшы жастай ыршып,  
сүйтіп бәрін өзімнен бастайыншы!

\* \* \*

Қоңыр жырым бар еді, кешкіғұрым  
мәз боп оқыр ақын ем ескі жырын —  
қолға алыш ем, көк аспан бетіндегі  
іріп кетті қоңыр бұлт секілденіп.

Бала қазым бар еді көлде момын,  
көрмегенім жақсы еді, келмегенім:  
бұғып жатқан бір жауыз мылтық атты —  
қоңыр қаздың мамығын бүркыратты.

Бұдан артық жаныңа батырап кім,  
сөл шыдай тұр, мен де бір қатырармын:  
Қоңыр қаздың мамығын жастық етіп,  
қоңыр-қоңыр ой ойлап жатып алдым...

\* \* \*

Көкейінің бір сырын кім бүкпеген,  
бүгіп жүрмін бір сырды құндікке мен.  
Мың пағым ашылып жатса дағы,  
бір пағым жанымда жүр бүктеген.

Көлеңкелеу, көбіксіз жыр жырладым,  
кейде ауырлау қысысып жүрді ырғағым.  
Ашылмай жүр әлі де бір бұлағым,  
шешілмей жүр сондықтан бір жұмбағым.

Құпиясындай құпиям шың астының,  
көрсем дейсің соны да бір аштырып.  
Момындығым бүркейді мінімді көп,  
жалынымды жасырды жуастығым.

Ойларымның көрсетсем биіктігін  
оқымас ең сен мені сүйіп бүгін.  
Шыңым емес, бұлттарым қызық саған,  
қызықтырған сені осы түйіктығым...

\* \* \*

Бұл таудың шындарының бәрі мықты,  
мықтылық бәрін бірдей көрі ғыпты.  
Шоқалдар шың болудан әлі үмітті  
шыдамай қызғанышқа жарылып тұр.

Тірлікте тартыс аздай басқа тіпті,  
тамырға да тартысты бастатыпты.  
Өлісіп осіпті анау шырша, қайың,  
тістесіп бір-бірімен тас қатыпты.

Онсыз да қызығыш отын үрлеп құнде  
әз-әзіл самал есіп тұрды екпіндең.  
Тобелер түймедей боп семіп қапты  
алыстағы асқарды құндең-құндең.

Отердей жалғыз досым қыл үстімен,  
кенеттен... ала алмадым тынысты мен:  
бір сойқан болар деймін шың-аралық  
сай жақтан келіп қалды жымысқы жол...

\* \* \*

Бұталар арасымен аңдып, аңдал  
жүр, міне, ақ самайлы таң қыландал.  
Көргенім ақ әженің шашы болды  
оңаша тротуармен қаңғығанда.

Жанымды темекі мен қайғы ыстаған  
жарқ еткізді ақ аспан айна үстаған.  
Біреулер шертіп жүрген мәндайымнан  
сипады еміреніп байғұс самал.

Аузында қара түйме-кілт қақпаның  
неғылсын жүректе үміт-жылт жатқанын,  
...Кенеттен ағараңдал ақ балтыры  
Күн сұлу шықты кешіп бұлт батпағын.

\* \* \*

Бетіңе талай шимай жатып ап жүр,  
Кей сөздің қызыл көзі шатынап жүр.  
Шынымды жазайын деп арлылар жүр,  
ақылды сөз жазам деп ақымақ жүр.

Әйтеуір бір шимайдың түсі анық,  
түскен сөзді, қанеки, ұсыналық.  
Қайғысын жазсын бәз бір кісі налып,  
бәз біреу жазсын мейлі ішіп алып.

Жинағандай соңғы үнем, ақырғы азық,  
жанымды жұрт дәптер ғып жатыр жазып.  
Безілдесін тек шын сөз, безілдесін,  
жасқаншақтың жарық боп көзін жесін.  
Бәрін жазсын кешірем, тек қана бір  
арам ойдың иісі сезілмесін.

Талай арам бізді осы кетті аңыртып,  
талай ордан тор жорғам тоқтады үркіп.  
Сөз артында ор жатса, достым, сені  
дәптер ғұрлы лақтырам отқа жыртып...

\* \* \*

Шуақ жүр жапыраққа тайғанақтап,  
тайғандарды аласың қайдан ақтап.  
Ал, қуаныш біраздан біле алмай жүр  
қонарын қайсы бетке, қай қабаққа.

Таудың үстін жұз талғап, он ақтарып,  
бұлт жүр білмей қай шыңға қонақтарын.  
Емен отыр біле алмай: жапырағын  
қайсы желге, қай кезде тонатқанын.

Көп бол кетті тақырып, қайғы тағы  
айтарыңың көптігі... айнытады.  
Сайқымазақ самал жүр ауламда өне,  
сүбдіратсам екен деп қай бұтаны.

Терлеп жүрмін десем мен, мәйкемдегі  
шәй ішкенде шығатын жәй тер ме еді...  
Шертсем екен мен саған қай күйімді,  
бассам екен өуелі қай пернені?!

\* \* \*

Ұйқым қайда, япыр-ау, үйқым қайда,  
ой сиқы жоқ ойдың да: қиқым, майда.

Кімге обал, мен кімге сый істедім,—  
түсінбедім, темекімді иіскедім.  
Мақтағаны біреудің өп-өтірік,  
ішіп алып біреудің тиіскені.

Жеткізбедің, қиял-ай, сүйығым-ай,  
күйіп туар қиялшыл күйім ұдай.  
Ойдың өзін құдіксіз бермей бір түн  
дөңбекшітіп койдың-ау, бүйі-құдай...

\* \* \*

Жұмсаマンдар, достарым, дәрігерге,  
тансқанмын дәрінің бәрімен де.  
Дала деген докторға көрінейін,  
емделейін одан да барып елге.

Ұсақ-түйек ауруға шыдап денем,  
шыдамыммен талайға ұнап келем.  
Дала деген докторға көрінейін,  
профессор емдесін шұбат деген.

Мені емдейді, емдесін өлең мейлі,  
ауыл барсам асау қан төмендейді.  
Мені емдейді шырылы боз торғайдын,  
қурайлардың ызыңы мені емдейді.

Елде ғана айығам, арыла алам,  
сырқауымнан еш дәрі дарымаған.  
Маған дәрі бір жұтым құм самалы,  
құдық суы бір қауға дәрі маған.

Уколоныңды қоя түр жаңа мына,  
ылай салма қан тамыр-каналыма.  
Қошалағым дайындағы қойды уколонын —  
актікеннің шөңгесін табаныма.

Жұмсамандар, достарым, дәрігерге,  
елге жетер қуат бар өлі менде.  
Дала деген тәуіпке көрінейін,  
емделейін тағы да барып елге.

## ҚОШАЛАҚ ҚҰМЫНДА

Кетіп жатты сары дала, кетіп жатты,  
сұлы дәнін саршұнақ шекіп жатты.  
Мына маңай не дейді-ай: қурай даусы  
маңырағаны секілді жетім лақтын.

Бір қарайған қиянда қозғалады —  
соған асық, жоқ жолшым, өзге амалын,  
Мына дала не дейді-ай: желдің үні  
саулы інгеннің секілді боздағаны.

Елестетті сары қияқ тісті көрі,  
сары, сары барлығы... пісті бәрі.  
Мына маңай не дейді... өлдекайда  
мұрны құрт сары атан пыскырады.

Жатпа, қиял, маңайды арала, тұр,  
жалқау аяқ соңынан барады ақыр.  
Блокнот та сарғайды қалтамдағы,  
ойдың өзі сарғайып бара жатыр.

Жалқау құмның жадына жасырынған  
жадау ойдың жетіпті жасы мынға.  
...Керек екен бұл маңға  
бір жаңалық,  
телеграф-бағандар, асығындар!..

\* \* \*

Қалам қасқа сен айтсаң сенем деді,  
сен жұмсасаң сөз байғұс көнем деді.  
Сенейін бе мен саған, көнейін бе,  
қайда апара жатырсың, өлең мені?

Шешемді еміп өсіп ем, жел емгелі  
біраз болды, желіктім,  
желем дедім.  
Асықпай-ақ туып ем,  
дедектетіп  
қайда әкеle жатырсың, өлең мені?

Басы айналмас кісінің төмендегі,  
төменіңе қалдырышы, өлең, мені.  
бір қарызым бәрібір төленбейді;  
Ақын болды десе де жасында әйгі,  
қак жартысы жырымның басылмайды.  
Бір сөзім бар — бәрібір айтылмайды,  
бір есігім бәрібір ашылмайды...

\* \* \*

Келіп қалдың кимелеп, киіз боп бұлт,  
бір-бірінді түртіндер — мүйіз боп тұрт.  
Тұртқілендер бірінді-бірің бұлттар,  
бір-бірінді осылай мүйізден құрт.

Ала шындар, тұр өне, ала шындар,  
үймелендер сол шынға, таласындар.

Талассандар әйтеуір аласындар —  
не аласың: атақ па, аласың ба ар?

Жалаң шыңын желі жоқ жағын ықтап  
жылаңқы бүлт, жылжып бақ, жағынып бақ.  
Дүрлігісіп көріндер дүлей бастар,  
ойнап қалсын талайлар тағы бұқпақ.

Болат балқып жатыр ма, жұмыс тұтап,  
гудогындаі заводтың ұлысты тап...  
“Ұят қайда?” дедім де қалдым тартып  
найзагайды жұлып ап құміс бұтак.

\* \* \*

Жапырақ қалсын алақанын күлбіретіп,  
бұтактардан құйылшы күмбір етіп,  
ағылшы бір, ақ нөсер, әжелердің  
ұршығының жібіндей дір-дір етіп.

Қытықшыл ақ айдынның шымшып етін,  
түршігетін жасашы, түршігетін.  
Әйнегімді айғыздап тілші нөсер,  
Жып-жылтыр тереземнің тілші бетін!..

\* \* \*

Түрленбеші, түрленбе, түрленбе, өлең,  
жұрт мақтамас түрленіп жүргенменен.  
Бір сонеттің үш жолы секілденіп,  
отырмыз ғой үш жыршы бір бөлмеде.

Үшеуміз де жазған соң сылқым жыр көп,  
бірімізді-біріміз түрту міндеп.  
Секілдіміз үшеуміз үш қара шың  
бір-бірінің жататын бүлтын күндеі.

Үшеуміз де ұлы ақын, ұлы кеуде —  
ұнамайды ешкімнің жыры кейде.  
Тірі Пушкин біріміз, ал біріміз  
тірі Данте, біріміз тірі Гейне.

Әзілдейді жұрт бізді: “ұш ұлы ақын...”  
ұлы десе несі бар қысылатын?!  
Екшеп айттар еріңнен, жанымызға  
ойнаса да мақтаған кісі жақын.

Бірімізді біріміз, ей, бөсіңіз:  
мақтаймыз-ау жата ғап кейде осы біз.  
Сондай кезде есіктен енген адам,  
тірі классиктермен сөйлесіңіз!

Іштен ұш ем туғандай, іштен егіз,  
айтылмаған қалмайды ештеңеміз.  
Ұш бөлеміз әлемнің даналығын,  
“жартыны да” тең етіп ұш бөлеміз.

Содан кейін... ұш парақ аламыз да  
ұлылар боп қараймыз даламызға.  
Ұш қара шың бола ғап түйілеміз  
ұлы деген бір сөзге бола мұздалап.

Қиялдайды, бас байғұс қиялдайды,  
төбе жайлы, су жайлы, қияқ жайлы.  
... Ұлы ақындар жазса да өлең бірақ  
жаман болып тууга үялмайды!

\* \* \*

Сөз еттің-ау Пушкинді тағы маған,  
езге жүрттың дейсің ғой бәрі надан.  
Талант күші — табыну болса шын-ақ,  
бір кісідей мен де осы табына алам.

Болса ақынға табыну құрмет тегі, —  
бір кісідей табындым, дірдектедім.  
Түсінсеңші ойбай-ау, түсінсеңші  
Мен Пушкин болмайын деп жур деп пе едің?

Толстойдан бір цитат суырасын,  
Лермонтовтан бір цитат суырасын.  
цитатыңың шығып түр өзір буы,  
не істейсін сол цитаттар суығасын?!

Цитат тапсаң, не себеп, мені ұрасың,  
Пушкин-таудан кесек ап мені ұрасың.  
Лермонтовтың кетпесін әруағы атып  
Толстойдың қалмасын томы басып!

Күлегешке үнаймын зар илесем,  
қайғылының жанына және үйлесем.  
Бірақ Пушкин емесім бәріңе аян,  
Белинский емессің, әрине, сен.

Күкүлдана, соғасың құшырлана, —  
сөбисің-ау, жарған ба тісің жаңа.  
Ұлы ақындар, сениңше, өлген сын-ды  
тірі ақынды мұқату үшін ғана.

Мезгілім аз қайтпаған, жасымаған,  
ал түңілген кездерім басым одан.  
Мазалама Пушкинді,  
менің үшін  
жетіп жатыр өзімнің Қасым ағам.

\* \* \*

Білем: бұл саған айтар сыр емесін,  
қоймайды айт деп бірақ жүрек осы.  
Аң қусам — қуар болдым ақсағанын,  
қызы қусам — қуар болдым күлегешін.

Қалжынан қашу үшін күн ілгері  
аға деп атайды қызы бүгін мені.  
Шаппады қосқан атым құдай атып,  
түйіліп түскен құсым түк ілмеді.

Жүйріктің аяғы жоқ — жүгірмедім,  
көңілі ғана қалды — түңілмедім.  
Қазықта қалдым бүгін, елеңдетті  
алыста шапқан аттың дүбірлері.

Баяғы жыр ауруы алды менде,  
жатырмын жырды балтап, жанды үнемдеп.  
Басымнан үшіп бағы жігіттіктің,  
“беделі” ағалықтың қалды менде...

\* \* \*

Толғансам, Тұған жер, сен сиынарым,  
тірлігім сиынбасам қын әлі.  
Тауыңмен рухымды көтер менің —  
естілсін өнім ойлы, күйім анық.

Тартпайды маған біткен тасқын бәссең  
жатқанда табанымның астында сен.  
Ұстатпа домбырамды надан қолға,  
кеудемді жамандарға бастырма сен.

Өнерді өзіңе арнап өрлеткелі  
мидан ой, қабағымнан тер кетпеді.  
Орманның ойларымен оят мені,  
теңіздің толқыннымен тербет мені.

Тимеген ат түяғы қайран адыр,  
бір жыршы туды сен деп сайрағалы.  
Алысқа баста мені дала жолы,  
атымды, Талап-атшы, айда, кәне!

Тек саған, саған ғана сүйенемін,  
топырақ қасиетті, киелі елім.  
Бұталар, етегімнен іліп, тартпа,  
шоқалдар, қолтығымнан сүйе мені...

\* \* \*

Жүректегі азын-аулақ қазынадан  
Жылт еткенді жыр етем, жазып алам.  
Жырымды жазып алған қазынадан  
Желге айдал қоя бердім азынаған.

Ақылдың ауласында бағып-қағып,  
отырмын бір жинақты ағытқалы.  
Шығарып өз сынымның ауласынан  
окушы ауылына бағыттадым.

Әйнектен түсті бірі талып барып,  
кіре алмай қайтты бірі қағып-қағып.

Өлтірдім бір жинақты өз қолыммен,—  
ол анау пәпке деген табыттағы.

...Тағы жазып жатырмын шабыттанып.

\* \* \*

Табиғат мінезді етіп берсе тілді,  
ойлап ем мінезді өлең көрсетуді.  
Жақындалап кетіп едің — бұрқ еттім мен  
талайдан жан баспаған жол секілді.

Көп жаннан көрінеу қаштым,  
сырт бекіндім,  
болғам жоқ арасына ірткі екі үлдың,  
Ақ бу боп үлп етіп ең — түйілдім мен  
толассыз жауатұғын бұлт секілді.

Пісіріп жеп жүрмін өз сөзімді асып,  
өзге ойым жоқ қарасаң көзінді ашып.  
қуанам өз бұлтымды өзім қуып,  
мұнайам өз шаңымды өзім басып...

\* \* \*

Қажыдым-ау күнбе-күн жұмыстан-ак,  
Кісі емес,  
мен бүгінде құмырсқа нақ.  
Қыздар сыңғырлап күліп...  
қажытты өбден  
құлағымның тубінде күміс санап.  
Бұлақ бұлғап барады көк шарқатын,  
төк, бұлт, жібек жібінді,  
төк тарқатып.

Дүбірлетті-ау қеудені,  
арқама өкеп  
Алматының көктемі көкпар тартып.  
Қоздырды-ау делебені,  
көлденені

Кез жігіт көрсетуге келді өлеңін:  
Қолжазбага қарадым...  
өтті күнім  
тыпышмен жүйріктей көрмедегі.

\* \* \*

Жанатұғын жан құсап бүгін бағын,  
Қол ұсынсаң — ерінің діріл қағып,  
аға бол мен бір ақыл айтады деп,  
қарындас келіп тұрсың жырынды алыш.

Жымиганың жанымды жеп барады, —  
самайымның жасырам еттеп ағын.  
Жазғаныңа қараудан гөрі менің  
жанарыңа қарағым кеп барады.

Ақыл айту оңай ғой, айтам әлі,  
айта аламын, мен де ақыл айта аламын:  
Ақыл қонса жырды жұрт қояр еді;  
ақыл қонса сұлуулар бай табады.

Ақылшы деп келдің-ау, талқан-аксың,  
ебін тапсам жырынды мақтамақтын.  
Сол жағымда сайтан түр сыйылышта,  
періштем түр оң жақта ақ қанатты.

Ишараты қымсыну, іркілудің —  
именшектеу жүзіңе құлкі кірді.  
Кез жанарың мөлт етіп төгілердей,  
қағып қалсан қаттырақ кірпігінди.

Кемшілігі жырынның байқалмас бұл:  
періштемнің орынын сайтан басты...  
Әй, шырағым, мен ақыл айта алмаспын,  
әй, білмеймін, білмеймін... айта алмаспын.

\* \* \*

Бағы қайда көктемнің, бағы қайда,  
созыла ма қыс тағы жарым айға.

Ұмтылғанға тағы да жетпей ме қол,  
атқан оғым тағы да дарымай ма.

Үстық наңдай батырған сарымайға,  
балқып, еріп отырмын тағы да ойға.  
Қорғасындей миы бар мына бастың  
қадірі жоқ кезі кеп тарыдай да.

Қайда бағы көктемнің, қайда бағы,  
ықтасынға көр-қоқым айналады.  
Болмасты ойлап, келмestі күтуменен  
бір тал шаштай үмітпен байланамын...

## АБАЙ ЕСКЕРТКІШІНЕ

Бір сенімі бар еді маған да елдің,  
“Ұлғайды арман”,  
мен-дағы алаң болдым.  
Ұмыртта ымырт құсап қоңырайып,  
өзімді іздел шығып ем — саған келдім.

Кетті дейді жыр оңбай... құрсын бәрі,  
сыншылар жүр том жазып, ырсыл қағып...  
Жүз мода өзгерді ғой, мың бір заман,  
түйе жүн күпі киіп тұрсың ба өлі?!

Қара шал-ай, қарашы мойын бұрып:  
жырды алдым шау тарттырып, қойылдырып.  
Басқа баар жерім жоқ, саған келем  
қалғанда сөзім жүдеп, ойым құрып.

Таппаған соң өлеңмен жүрек емін,  
бір-ақ сілтеп қолымды жүрер едім:  
туатұғын сықылды бүгін-ертең  
мраморға жазылар бір өлеңім.

Қажып келдім қасыңа қалғыншы,  
не қарғыс, не бата айтшы... ал қүйылшы.  
Сен маған туған жерім сияқтысың,  
аңсағанда келетін шалдың исін...

\* \* \*

Тау баурайы бу боп түр, бұлыңғыр түр,  
тістеп қапты тентек жел тілін қырқып.  
Алба-жұлба жасады-ау бұлттың төсін  
шыршалардың бұтағы іліп-жыртып.

Қара қасқа шындардың қатты басы,  
бірін-бірі шындар түр атқыласып.  
Әрмелеймін биікке,  
тауларым-ау,  
қандай ғана тағдырға тап қыласың!

Қажасып түр қарт шындар, кекесіп түр,  
бірінде бет, бірінде шеке ісіп түр.  
Әрмелеймін биікке,  
тағдырым-ау,  
мына мені алдымда не тосып түр?!

Ала бұлақ, ағылшы, шапқылашы,  
жан-қүйінді жалғанға лақтыр ашып.  
“Мына шіркін қайтеді-ай” деп жантайып  
“найза қара” желкесін жатты қасып.

О, не пайда қарт шындан,  
қас-қабақтан,  
Мен емеспін ешқайсын бастап атқан.  
Жыртып алып тау бұлтын, таңып қойдым  
табанымның жарасын тас қанатқан...

\* \* \*

Селтең, селтең жас бұта, селтең етіп  
нені айтады құлкі етіп, ертек етіп?  
Селтең етіп бұрымы бала қыздың  
аулада жүр күшігін еркелетіп.

Күн кешкіріп кетті ғой,  
табақ тасып  
жарым жүр, бала біткен қабаттасып.  
Қонақтарға жалтаңдал, мен отырмын  
домбырамының пернесін қадап басып.

Күн кешкіріп кетті ғой,  
мен ырғалып  
Көкмойынға ұмтылам “омырғалы”.  
Көңіл үшін: болды ғой, қой демейді  
қонақтарым тері-бас, темір-қарын.

Бұл жексенбі де өтті ме?  
Әрине өтті,  
жәй өтпеді, қарнымды қари кетті.  
Жетпейді ғой басқа да,  
басқа да емес,  
жетпейтіні уақыттың зар илетті.

Кетер деген үміт қой, ойбай, түңіл,  
ұл тауып па ек біз осы тойлайтүғын?!  
Не жаны бар бүгінгі құрдастардың  
ойнағанда қонақ боп “ойнайтүғын”?!

\* \* \*

Күн кешкіріп барады, күн кешкіріп,  
Көкжиекті мүйізден тұрды ешкі-бұлт.  
Қар мен мұзын қаһар ғып кетті мезгіл  
Қиқы-жиқы шындарға мінгестіріп.

Күн кешкіріп кетілті-ау,  
күн кешкіріп,  
көлеңке мен күн жақты күндеңстіріп.  
Күн-лағынан айырылып қалған қалпы  
көкжиекте маңырап жүрді ешкі-бұлт...

\* \* \*

Қарбалас қам жасасып жатыр бәрі:  
“Шолпан” түр желкесіне өтір жағып.  
Шаптыртып “Ақ боз атты” жіберді аспан,  
Құдайды қонақтыққа шақырғалы.

Шаң көшсе “Құс жолында” үзік, ұсақ,  
болған жөн ақ бетіңе, қызығы, сақ.  
Қалыпты төрттағандап “Жеті қарақшы”,  
жорғаның тақырдағы ізі құсан.

Бар білем не бір күнө, не бір жазық, —  
“Үркөр” де үркө алмай тұр тобын жазып.  
Жасаған асас мініп келе ме деп,  
оқшаулау қағылыпты “Темірқазық”.

“Кіші аю” кірпік, қасын қағады шақ,  
бір қылмыс жасап қойған бала құсан.  
Қарашы: ұмыт қапты Ай бір щетте,  
тұлпардан түскен алтын таға құсан.

Қонақ жоқ. Аспан дел-сал, тек тынады,  
көп күтті “Шолпан” сұлу,  
көп шыдады...  
Қалыптын көкке қарап,  
біреу тұртіп:  
“тағы да ұшырып па?” деп сұрады.

\* \* \*

Көк аяз кернейлетті, кернейлетті,  
жағанды қырауымен жөрмей кетті.  
Жаңағы ажырамас достар еді —  
екі ерін бірін-бірі көрмей кетті.

Мына тұн сұып кетті-ay,  
                                сұып кетті,  
Кусыртып екі қолды буып кетті.  
Ай-тазы жылмаң етіп шыға келіп,  
ақ берте қоян-бұлтты қуып кетті.

\* \* \*

Бұталардан шептерге ыршып қонып,  
Шықтар тұна қалады бүршіктеніп.  
Дір етеді көл беті, дір етеді:  
артистка-аққу көтеріп жүр етегін.

Селк-селк етті жас бұта, шошып қалды  
қолындағы шық-шамы өшіп қалды.  
Селт етпейді самалдың қаққанына  
қыз шешесі бекіткен қақпа мына.